



«Десента» ҚҚ АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігінің (USAID) қолдауымен іске асырылатын «Бірлескен басқару - ортақ жауапкершілік» жобасы шеңберінде қызмет көрсету үшін жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы сарапшыларды іріктеу жөніндегі конкурсына қатысуға шақырады.

Жоба тиімді өзара жұмыс жасау және жергілікті проблемаларды бірлесіп шешу үшін жергілікті басқару, өзін-өзі басқару органдарының және азаматтық қоғам ұйымдарының әлеуетін нығайтуға бағытталған.

Осы конкурстың мақсаты: Қазақстанның әртүрлі өңірлерінің азаматтық қоғам өкілдері тарапынан келіп түскен идеялар мен ұсыныстар, қажеттіліктер негізінде Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025-2030 жылдарға дейінгі тұжырымдамасының мазмұны бойынша ұсынымдар әзірлеуге арналған жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы сарапшыларды іріктеу.

Өтінімдер Қазақстан Республикасының азаматтығы бар жеке тұлғалардан қабылданады.

Конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптар:

1. Жоғары білімнің болуы;
 2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту саласындағы жобаларды іске асыруда жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл;
 3. Жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеуге қатысу тәжірибесі;
 4. Жергілікті басқару, өзін-өзі басқару және ұқсас тақырыптар бойынша заң жобаларын талқылау жөніндегі жұмыс топтарына (Парламенттің, Ұлттық экономика министрлігінің және т.б.) қатысу тәжірибесі;
 5. Көрсетілген бейін бойынша немесе осыған жақын салада ғылыми дәрежесінің (ғылым кандидаты, ғылым докторы, магистр, PhD) болуы қажет шарт болып табылады.
- Осы конкурс шеңберіндегі келісімшарт сомасы 700 000 теңгені құрайды. Осы қызмет шеңберінде жұмыс істеу үшін кемінде 3 сарапшы таңдалады деп күтілуде.

Конкурстық іріктеуге қатысу үшін үміткерлер

<http://decenta.kz/zayavka-na-otbor-eksperta-v-sfere-msu/> сілтемесі келесі құжаттарды бойынша ұсынуы қажет:

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2024 жылғы 13 наурыздан бастап 27 наурыз аралығында

Құжаттарды қабылдау нәтижелері және конкурс кезеңдерін одан әрі өткізу мерзімдері туралы кандидаттарға электрондық пошта арқылы хабарланатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту саласында сарапшының қызметтерін ұсынуға арналған техникалық тапсырма

Тапсырыс беруші ұйым	«Десента» ҚҚ
Жоба:	«Бірлескен басқару – ортақ жауапкершілік» (бұдан әрі мәтін бойынша «Жоба»)
Жұмыспен қамту (қатысу):	толық емес
Осы ТТ бойынша жұмыс мерзімі:	1.04.24-31.12.24

Жоба туралы қысқаша ақпарат:

Жоба Орталық Азияның USAID қолдауымен «Десента» қорымен іске асырылады.

Жобаның мақсаты: тиімді өзара жұмыс жасау және жергілікті проблемаларды бірлесіп шешу үшін жергілікті басқару, өзін-өзі басқару органдарының және азаматтық қоғам ұйымдарының әлеуетін нығайту.

Жоба келесі екі нақты міндетке қол жеткізуге бағытталған:

1. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін тиімді білдіру үшін азаматтық қоғам ұйымдары мен жергілікті қоғамдастықтардың әлеуетін күшейту.
2. Азаматтармен және азаматтық қоғаммен тиімді жұмыс істеу үшін жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару сапасын арттыру.

Жобаның негізгі компоненттері:

1. Ауылдық округтердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуетін арттыру
2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге қатысу.
3. Электрондық платформа құру арқылы азаматтардың өтініштері мен сұрауларын қарау тиімділігінің сапасын арттыру.
4. Эдвакеси-кампанияларын іске асыру арқылы ҰЕҰ/АҚҰ қызметі үшін жағдайларды жақсарту.
5. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын реттейтін заңнаманы жетілдіру.
6. Бизнес-процестер реинжинирингі арқылы жергілікті мемлекеттік органдардың әлеуетін арттыру.
7. Мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру үшін жағдайлар жасау (коммерциялық емес сектор МӨТ арқылы).
8. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тетігінің тиімділігін арттыру.
9. Оқыту арқылы мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін арттыру.

Іс-қимыл жоспары Сарапшы жұмысының мазмұны және күтілетін нәтижелер

№	Жұмыстың атауы	Орындау мерзімі	Күтілетін нәтижелер
Келісу кезеңі			

1	Жоба сарапшыларының конкурсына қатысуға құжаттарды тапсыру	13-27 наурыз	Өтінім берілді
2	Жұмыстарды/қызметтерді көрсету шартын және техникалық тапсырманы келісу және қол қою.	1-5 сәуір	Шарт пен ТТ қол қойылды
3	Жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасын Ұлттық экономика министрлігімен, АҚ институттарымен және осы сала сарапшыларымен бірлесіп әзірлеу шеңберінде ниеттерді белгілеу бойынша ұлттық деңгейде кездесу өткізуге қатысу.	25-30 сәуір	Сарапшы кездесу өткізуге қатысты
4	Өз өңірінде жергілікті атқарушы билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтық қоғам өкілдерімен сараптамалық сұхбат жүргізу (деректердің сюжеттік тақтасымен).	01-10 мамыр	Тіркеу парағы мен 5 фотосуреті бар сұхбат жүргізгені туралы есеп
5	Мемлекеттік органдар мен ЖӨӨБ органдарының функцияларын бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	10-20 мамыр	Ұсыныстар Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілді
6	Мемлекеттік органдар мен ЖӨӨБ органдарының өзара жұмыс жасауы бойынша ұсыныстарды әзірлеу	20-30 мамыр	Ұсыныстар Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілді
7	Ұсыныстарды ZOOM-да талқылауға қатысу	01-10 маусым	Қатысушылардың пікірлерін келісу
8	Жергілікті өзін-өзі басқару қызметін қаржыландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу	10-20 маусым	Ұсыныстар Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілді
9	Жергілікті өзін-өзі басқарудың әкімшілік бөлінісі және меншігі бойынша ұсыныстар әзірлеу	20-30 маусым	Ұсыныстар Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілді
10	Ұсыныстарды ZOOM-да талқылауға қатысу	01-10 шілде	Қатысушылардың пікірлерін келісу
11	Округ, аудан, қала деңгейлерінде жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органдарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	10-20 шілде	Ұсыныстар Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілді
12	Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің ортақ көзқарасын әзірлеу	01-30 тамыз	Ұсыныстар Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілді
13	Ұсыныстарды ZOOM-да талқылауға қатысу	05-10 қыркүйек	Қатысушылардың пікірлерін келісу
14	Өз өңірінде Тұжырымдама жобасын онлайн талқылауды ұйымдастыру (кемінде 12 адамның қатысуы)	15-30 қыркүйек	Талқылау нәтижелері бойынша есеп,

			қатысушылар тізімі, скриншот
15	Әзірленген Тұжырымдаманың тұсаукесері бойынша қорытынды баспасөз конференциясына қатысу	20-30 қазан	Баспасөз конференциясына қатысу